

Жаһандық инновация мен сапалы өнім өлшемі



2-БЕТ

Ғалым есімі ұлықталғы



4-БЕТ

Жас мамандардың қабілет-қарымын көрсетуіне кедергі жоқ



6-БЕТ



• СҰХБАТ

Бағлан ҚАРҒҰЛОВ,
Ұлттық статистика бюросының
Алматы облысы бойынша
департамент басшысы:

«СЫРТҚЫ САУДА АЙНАЛЫМЫНЫҢ КӨЛЕМІ АРТТЫ»

– Бағлан Абайбекұлы, бүгінгі сұхбатымызды Алматы облысының 2023 жылғы әлеуметтік-экономикалық дамуына арнасақ. Жасыратыны жоқ ауыл шаруашылығы – Алматы облысының артықшылықтарының бірі. Сондықтан өндіріс статистикасынан бастасақ?

– Алматы облысында 2023 жылғы қаңтар-желтоқсанда ауыл, орман және балық шаруашылығы өнімдерінің жалпы шығарылымы 817,6 млрд теңгені құрап, өңірдің республикадағы үлесі – 9,4 % болды. Былтыр ауыл шаруашылығы саласында 814,4 млрд теңгені өнімі өндірілді. Оның 464,1 млрд теңгесі мал шаруашылығының, 348,8 млрд теңгесі өсімдік шаруашылығының үлесіне тиді. 2024 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша өңірдегі ірі қара малдың саны – 657,3 мың басты құрап, республика бойынша төртінші; қой мен ешкі – 2 497,2 мың басты құрап үшінші орында тұр.

Республика бойынша облыс шарап, жеміс-көкөніс шырындары, темекі өнімдері, ірі қара мал терісінен жасалған былғары, гофрленген картоннан жасалған ыдыстар өндіру бойынша үстем жағдайға ие.

– Алматы облысы өнеркәсіптегі өңдеу саласындағы үлесінің жоғарылығымен де республикада өзге өңірлерден ерекшеленеді емес пе?

– Оныңыз рас. Алматы облысында өңдеу өнеркәсібінің үлесі 90,4 пайыз. Электр энергиясымен, газбен, бұмен, ыстық сумен жабдықтаудың үлесі – 8,3 пайыз. Облыс халқын электрмен үздіксіз қамтамасыз ету үшін бүгінгі таңда 9 жел және 5 күн электр станциясы жұмыс істейді. 2023 жылдың қаңтар-қыркүйегінде жел және күн электр станциялары 616,2 млн кВт электр энергиясын өндірілді. 2023 жылғы қаңтар-желтоқсанда өнеркәсіп өндірісінің көлемі 716,7 млрд теңге болып, оның республикадағы үлесі 3,8 пайызды құрады.

Өндірісте өнеркәсіптің барлық салалары бар: тамақ өнімдері, темекі өнімдері, жеңіл өнеркәсіп, машина жасау, құрылыс индустриясы, фармацевтика, электр энергиясын өндіру және тағы басқалар. Тамақ өңдеу өнеркәсібінде әлемдік танымал брендтердің өнімдерін шығаратын бірқатар ірі кәсіпорындар жұмыс істейді. Мысалы: «Кока Колла», «Эфес Қарағанды», «Жамле», «Адал», «ФудМастер», «Данон», «RG Brands Kazakhstan», «Голд Продукт».

(Соңы 4-бетте)

ЗАҢ газеті

ZANMEDIA.KZ

Қоғамдық-саяси, құқықтық газет

✉ zangazet@mail.ru

№32 (3661)
30 сәуір 2024



• БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

БІРЛІК пен ЖАСАМПАЗДЫҚ – ЕЛ БАҒДАРЫ



«Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы» заң бойынша еліміздегі 9 мемлекеттік мерекенің бірі 1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі мерекесі. Был ол елімізде 28-рет аталып өтіледі. Оған дейін Еңбекшілердің ынтымақтастық күні делініп келген бұл мерекенің тарихы 1889 жылдан басталғанымен, ресми мереке ретінде Кеңес Одағы кезінде атап өтіле бастаған еді.

(Соңы 2-бетте)

• ТҮЛҒА

АМАНАТҚА АДАЛ АЗАМАТ

Ұлылардан ұлағат, даналық сөздерді тірек-таяныш еткіміз келгенде, өткен ғасыр ғұламаларына көбірек жүгінетіміз заңдылық. Ал сондай тағылымыңыз сіз бен біздің замандастарымыздан, көзіміз көрген жандардың аузынан шығып жататыны да анық жайт. Ал заманына сай тұлғалар шыққан жерден соған лайықты пікір таба білетін, замандас қасиетін тани алатын тұлғаның болмай қалуы мүмкін емес.

Біздер С.Зиманов, Н.Шәйкенов, С.Сартаев, Ғ.Сапарғалиев, т.б. аса көрнекті қайраткер заңгерлерді ұстаз тұттық, олардың әрбір пікір-көзқарасын ұлылық нышанына баладық, даналық тағылымдарын үлгі тұттық. Осы мақтаншытарымыздың замандасы, қазақтың көрнекті әдебиеттанушы-ғалымы Зейнолла Қабдоловтан бір журналист «Қайрат Мәми сіздің ойыңызша кім?» деп оқыс сұрақ қойыпты. Сонда ол кісі де ойланбастан: «Қайрат Мәми – әділдіктің көкесі» деп жауап беріпті. Артынша, осы сөзін тереңірек дәлелдемек болды ма, кім білсін, кейінірек жазылған еңбегінде осыған тарата тоқталған екен. Онда академик кезінде өз ұстазы, халқымыздың ұлы жазушысы М. Әуезовтің өзіне аяқ астынан «шедевр» деген сөзді қазақшаға қалай

аударар едің?» деп сұрағанын тілге тиек етеді. Зейнолла ағамыз ұстазына ойланбастан: «көркемдіктің көкесі!» деп жауап берсе керек. Сол сияқты өзінің Қайрат інісі туралы журналист сұрағына да еш бөгелмегенін жазған. Кейде осындай табанда тауып айтылған ойлардың атан түйедей ауыр салмағымен таразыны өзіне аударып басып кететіні болады. Әрі қысқа, әрі нұсқа, шымыр түйілген пікір. Бұдан қандай ой түюге болар еді? Әрине, З. Қабдоловтай үлкен тұлға мұны сөз таппағандықтан айтпағаны түсінікті. Және ең кереметі – Қайрат Мәмиді әділдік деген қасиетті ұғыммен қатар қойып, еліміздің заңгерлер арасынан ең алдымен еске аларлық тұлға ретінде даралап отыр. Қарап отырсақ, өзіміздің де жүрегімізде дәл осылай сеніммен жауап берердей

Қайрат Мәмидің ардақты да айшықты тұлғасы жыл өткен сайын қалыптасып, айқындала беріпті.

Қайрат ағамыздың бізден ала-бөле айрықша даралайтын артықшылығы бар, ол жоғарыдағы бір ауыз сөзбен бір-ақ қайырып, кереметтей лебіз білдіруінен ғана емес, тікелей заң қайраткерінің өзінен, тіпті, қатардағы емес, заңнама саласының негізін салып, тұғырын тұрғызған дейтіндей заң корифейі Салық Зиманұлының айрықша ілтипатына бөленгендігінен, ісі мен сөзіне сүйсініп, жанына жақын тартқандығынан, ағынан жарылып, ақсарма адал пікірін білдіруінен де оқ бойы озық тұрғанын аңғартады. Мұндай ғасырлық құбылыс болып қалатын тұлғалар әркімге жүрекжарды пікір білдіре бермесе керек: «Шынымды айтсам, Мәми Қайратқа деген көңілім де, сенімім де ерекше. Әсіресе, оның жоғары дәрежелі үкімет лауазымы бола тұра, ғалымдарды сыйлауы, олардың еңбегін құқық қорғау мекемелері іс-әрекеттерінің сүйеніші, тірегі деп тануы, оларды өз тарапынан ұйымдастырып жатқан мәжіліс-талқылауларға, конференцияларға шақырып, қатыстыруы, олармен ойын бөлісуі көпшілікте кездесе бермейтін үлкен қасиет. Мәми

Қайрат біліктілікпен, білімділікпен ісін тиянақты атқаратын ұлтжанды азамат» деуі сол риясыз құрметінің көрінісі. Қайраткердің осы шынайы лебізіндегі Қайрат інісіне берген анықтамасын «ұлтжанды» деп түйіпқап, қорытуына баса назар аударғым келеді. Иә, ұлтжандылық – Қайрат Әбдіразақұлын оқшау танытатын қасиет. Бұл қасиет оның бойынан, мәдениеті мен сабырлығынан, өз ұстанымында жеті рет өлшеп, бір рет кесіп айтарлық мейлінше тұрақты, бірсөзділігінен, сонымен бірге, сан алуан пікір-көзқарасымен, ана тілінің нәрін молынан пайдаланып, қолдана білуінен, ұлтының өткені мен бүгінге үлкен құрметпен, әрі сергек қарайтындығынан жарқырай танылып тұрады. Осылайша іші мен сырты үйлескен ел ағасына тән келбеті менмұндадан, өзіне үйіре тартады. Ал пікірлес келгенде, жан дүниесінің тереңдігіне, сан алуан сырлығына тәнті боласын. Өз басым Қайрат Әбдіразақұлының ұлтының өткен тарихына зор құрметпен қарап, ата-баба тағылымынан мол сусындап, құнарын бойына дарыта білгенін, өз өмірі мен қызметінің темірқазығына айналдырып, басты бағыты етіп ұстанып келе жатқанын кімге де болсын, зор өнеге ретінде ұсынар едім.

Тап осы арада ағамыздың қызмет саласындағы жетістігін ұстазымен арадағы жалғастықтан іздеп, байланыстырғым келеді. Салық Зиманұлының оған бекерден бекер: «Қайратқа көңілім де, сенімім де зор» деп айтпағаны сезіледі.

(Соңы 5-бетте)

Алматы қаласы энергетика және сумен жабдықтау басқармасының «Алматы Су» МКК тұтынушылар мен өзге де мүдделі тұлғалар алдында 2023 жылдың қорытындысы бойынша сумен жабдықтау және су бұру қызметтеріне бекітілген тарифтік сметалар мен инвестициялық бағдарламалардың орындалуы туралы есебі

«Алматы Су» МКК Алматы қаласы мен Алматы облысының тұтынушыларына сумен жабдықтау және су бұру қызметтерін көрсетеді.

Бекітілген инвестициялық бағдарламаның орындалуы туралы Кәсіпорынға 2 509 млн теңге сомасына сумен жабдықтау және су бұру қызметтері бойынша 2023 жылға арналған инвестициялық бағдарламалар бекітілді.

Сумен жабдықтау қызметтері бойынша 2023 жылға арналған инвестициялық бағдарламаны орындау.

Table with 7 columns: № P/n, Ис-шаралардың атауы, Табиғи көрсеткіштер (бекітілген, факт), Сомасы, мың.теңге (бекітілген, факт, ауытқу), Ауытқу себептері. Rows include Жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу, жоба; Сорғы агрегаттарын, бекіту-реттеу арматурасын, трансформаторлық қосалқы станцияны, күштік трансформаторларды және басқа да жабдықтарды сатып алу, бірлік; Су құбыры желілерін қайта құру Шевченко 157 – 3 963 мың тт орындалмады; Су құбыры желілерін қайта құру Чирчикская -5 902 мың тт (22.12.2023 жылғы қосымша келісімшарт -траншеялардың тереңдігінің төмендеуіне байланысты үнемдеу); Су құбыры желілерін қайта құру ауытқу; Жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу, жоба; Негізгі құралдарды сатып алу, бірлік; Арнайы техниканы сатып алу, бірлік; Барлығы.

Су бұру қызметтері бойынша 2023 жылға арналған инвестициялық бағдарламаны орындау:

Table with 7 columns: № P/n, Ис-шаралардың атауы, Табиғи көрсеткіштер (бекітілген, факт), Сомасы, мың.теңге (бекітілген, факт, бекітілген), Ауытқу себептері. Rows include Көріз желілерін қайта құру; Көріз желілерін қайта құруды авторлық қадағалау; Жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу; Негізгі құралдарды сатып алу, бірлік; Арнайы техниканы сатып алу, бірлік; Барлығы.

Сумен жабдықтау және су бұру қызметтеріне бекітілген тарифтік сметалардың орындалуы туралы Кәсіпорынға сумен жабдықтау қызметтеріне тарифтік сметалардың 2023 жылғы 29 қарашадағы №158-НҚ сумен жабдықтау қызметтеріне және 2023 жылғы 29 қарашадағы №159-НҚ су бұру қызметтеріне арналған бұйрықтар бекітілді.

Сумен жабдықтау қызметтеріне тарифтік сметаның бап бойынша орындалуы:

Table with 6 columns: № P/n, Көрсеткіштердің атауы, Тарифтік сметаның бекітілген көрсеткіштері, мың теңге; Тарифтік сметаның нақты көрсеткіштері, мың теңге; Ауытқу, %; Ауытқу себептері. Rows include Өндіріске арналған шығындар, барлығы; 1 Материалдық шығындар, барлығы; 1.1 Шикізат және материалдар; 1.2 ЖЖМ; 1.3 Отын; 1.4 Энергия; 2 Еңбекақы төлеу шығындары, барлығы; 2.1 Өндірістік персоналдың жалақысы; 2.2 Өлеуметтік салық және әлеуметтік аударымдар; 3 Амортизация; 4 Жөндеу; 5 Басқа шығындар, барлығы; 5.1 Күзет қызметтері; 5.2 Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы; 5.3 Табиғи ресурстарды пайдалану төлемдері; 5.4 Жер асты суларын өндіруге салынатын салық; 5.5 Коммуналдық қызметтер; 5.6 Сактандырудың міндетті түрлері; 5.7 Қоршаған ортаны қорғау; 5.8 Түбіртектерді ресімдеуге арналған шығыстар; 5.9 Басқа шығындар; 5.9.1 Байланыс қызметтері, пошталық шығыстар; 5.9.2 Іс-сапар шығыстары; 5.9.3 Кадрларды даярлау; 5.9.4 Су беру қызметтері; 5.9.5 Қызметкерлердің жалақысын төлеу; 5.9.6 Міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары; 5.9.7 Техникалық құралдарды күтіп ұстау және қызмет көрсету; 5.9.8 Материалдар, қосалқы бөлшектер, құрал-саймандар; 5.9.9 Зертхана бойынша шығындар; 5.9.10 Экологиялық шығындар; 5.9.11 Экологиялық шығындар; II Кезең шығыстары барлығы, оның ішінде; 6 Жалпы және әкімшілік шығыстар; 6.1 Әкімшілік қызметкерлердің жалақысы; 6.2 Өлеуметтік салық, әлеуметтік аударымдар; 6.2 Міндетті әлеуметтік медициналық сактандыру; 6.3 Салықтар мен төлемдер; 6.4 Өзге де шығындар, барлығы, оның ішінде; 6.4.1 Амортизация; 6.4.2 Техникалық құралдарды ұстау және қызмет көрсету; 6.4.3 Коммуналдық қызметтер; 6.4.4 Бөгде ұйымдардың қызметтері; 6.4.5 Іссапар шығыстары; 6.4.6 Байланыс қызметтері, пошталық, мерзімдік басылымдар; 6.4.7 Қызметкерлерді міндетті сактандыру; 6.4.8 Материалдар; 6.5 Сыйақы төлеуге арналған шығындар; III Шығындардың барлығы; IV Пайда; V Барлық кірістер.

Table with 5 columns: №, Көрсетілген қызметтер көлемі, мың м³; Негізсіз табыс; Орташа Тариф, (ҚКС-сыз теңге); Анықтама; Персоналдың тізім бойынша орташа саны, адам; Өндірістік персонал, адам; Әкімшілік персонал, адам; Орташа айлық жалақы, оның ішінде, теңге; Өндірістік персонал, теңге; Әкімшілік персонал, теңге.

Су бұру қызметтеріне тарифтік сметаны бапмен орындау:

Table with 6 columns: № P/n, Көрсеткіштердің атауы, Тарифтік сметаның бекітілген нақты көрсеткіштері, мың теңге; Тарифтік сметаның нақты көрсеткіштері, мың теңге; Ауытқу, %; Ауытқу себептері. Rows include Өндіріске арналған шығындар, барлығы; 1 Материалдық шығындар, барлығы; 1.1 Шикізат және материалдар; 1.2 ЖЖМ; 1.3 Отын; 1.4 Энергия; 2 Еңбекақы төлеу шығындары, барлығы; 2.1 Өндірістік персоналдың жалақысы; 2.2 Өлеуметтік салық және әлеуметтік аударымдар; 2.2 Міндетті әлеуметтік медициналық сактандыру; 3 Амортизация; 4 Жөндеу; 5 Басқа шығындар, барлығы; 5.1 Күзет қызметтері; 5.2 Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы; 5.3 Коммуналдық қызметтер; 5.4 Сактандырудың міндетті түрлері; 5.5 Қоршаған ортаны қорғау; 5.6 Түбіртектерді ресімдеуге арналған шығыстар; 5.7 Басқа шығындар, барлығы, оның ішінде; 5.7.1 Байланыс қызметтері, пошталық шығындар; 5.7.2 Іссапар шығындары; 5.7.3 Кадрларды даярлау; 5.7.4 Жұмыскерлердің жол жүру ақысын төлеу; 5.7.5 Міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары; 5.7.6 Техникалық құралдарды күтіп ұстау және қызмет көрсету; 5.7.7 Материалдар, қосалқы бөлшектер, құрал-саймандар; 5.7.8 Зертхана бойынша шығындар; 5.7.9 Экологиялық шығындар; II Кезең шығыстары барлығы, оның ішінде; 6 Жалпы және әкімшілік шығыстар; 6.1 Әкімшілік қызметкерлердің жалақысы; 6.2 Өлеуметтік салық, әлеуметтік аударымдар; 6.2 Міндетті әлеуметтік медициналық сактандыру; 6.3 Салықтар мен төлемдер; 6.4 Өзге де шығындар, барлығы, оның ішінде; 6.4.1 Амортизация; 6.4.2 Техникалық құралдарды ұстау және қызмет көрсету; 6.4.3 Коммуналдық қызметтер; 6.4.4 Бөгде ұйымдардың қызметтері; 6.4.5 Іс-сапар шығыстары; 6.4.6 Байланыс қызметтері, пошталық, мерзімдік басылымдар; 6.4.7 Қызметкерлерді міндетті сактандыру; 6.4.8 Материалдар; 7 Сыйақы төлеуге арналған шығындар; III Шығындардың барлығы; IV Пайда; V Барлық кірістер; VI Көрсетілген қызметтер көлемі, мың м³; Негізсіз табыс; VII Орташа Тариф, (ҚКС-сыз теңге); Анықтама; Персоналдың тізім бойынша орташа саны, адам; Өндірістік персонал, адам; Әкімшілік персонал, адам; Орташа айлық жалақы, оның ішінде, теңге; Өндірістік персонал, теңге; Әкімшілік персонал, теңге.

Қызметтердің сапасы мен сенімділігі көрсеткіштерін сақтау, қызмет тиімділігінің көрсеткіштеріне қолжеткізу туралы Көрсетілген қызметтердің сапасы мен сенімділігінің көрсеткіштері, қызмет тиімділігінің көрсеткіштері ынталандыру әдісін қолдана отырып тарифтерді бекіту кезінде табиғи монополиялар субъектілеріне бекітіледі. Кәсіпорын үшін тарифтер шығынды әдісті қолдана отырып, бес жылдық кезеңге бекітілді, онда табиғи монополия субъектісіне көрсетілетін қызметтердің сапасы мен сенімділігінің, қызметінің тиімділігінің көрсеткіштері бекітілмейді.

Қызметтің негізгі қаржылық-экономикалық көрсеткіштері туралы (Қаржылық есеп: кірістер мен шығындар туралы есеп)

Table with 3 columns: № P/n, Көрсеткіштер атауы, 2023 жыл, мың теңге. Rows include 1 Сумен жабдықтау және су бұру қызметтерін көрсетуден түскен кіріс; 2 Сатылған қызметтердің өзіндік құны; 3 Іске асыру бойынша шығыстар; 4 Әкімшілік шығыстар; 5 Өзге де шығыстар; 6 Өзге де кірістер; 7 Қаржылық нәтиже (шығын).

Сумен жабдықтау және су бұру қызметтерінің көлемі туралы

2023 жылы сумен жабдықтау қызметтері 180,5 млн текше метр және су бұру қызметтері 139,7 млн текше метр көлемінде қызмет көрсетілді.

Тұтынушылармен жүргізілетін жұмыс туралы

Кәсіпорын қызметінің мәселелері бұқаралық ақпарат құралдарында және www.almatysu.kz. веб-сайтында жарияланады. Тұтынушыларға қызмет көрсету бойынша анықтама-ақпараттық қызмет (call-орталық), орталық диспетчерлік қызмет, сенім телефондары мен төрт орталық жұмыс жасайды. Тұтынушыларға ыңғайлы болу үшін тұтынушының жеке кабинеті бар мобильді қосымшасы жұмыс істейді. Қарыздың, төлемнің және басқа да деректердің сомасын көрсете отырып, берешектің бар екендігі туралы SMS хабарламалар жіберіледі.

Қызмет перспективалары туралы

«Инвестицияларға айырбастау тарифі» жаңа тарифтік саясаты шеңберінде кәсіпорынға тұтынушылардың үш тобы бойынша сараланған 2024 жылға арналған сумен жабдықтау және су бұру қызметтеріне тарифтер бекітілді (1 топ – халық, жылмен жабдықтау кәсіпорындары және сумен жабдықтау және (немесе) су бұру қызметтерін ұсынатын ұйымдар; 2 топ – басқа тұтынушылар; 3 топ – бюджеттік ұйымдар).

Кәсіпорын 2023 жылдан кейінге қалдырылғандарды ескере отырып 2024 жылға арналған инвестициялық бағдарламаларды бекітті

Желілердің тозуын азайту мақсатында іс-шаралар өткізу: сумен жабдықтау қызметтеріне – 7 866,1 млн теңге, оның ішінде 2023 жылдан бері өткізілген іс-шаралар 2 990,6 млн теңге. Су бұру қызметтеріне – 2 966,4 млн теңге, оның ішінде 2023 жылдан бері өткізілген іс-шаралар 727,2 млн теңге. Бұлдан басқа, Алматы қаласын дамыту бағдарламасында көзделген су бұру жөніндегі жобаны іске асыру үшін 2025 жылға дейін және 2030 жылға дейінгі орта мерзімді перспективалар, 16 000 млн теңге алу мүмкіндігі қарастырылған тарифтерді қалыптастыру кезінде ескерілмейтін жергілікті бюджет.